



## Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 27 наурыздағы N 429

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 1208 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

7-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарма төрағасының үш орынбасарын ұстауға";

аталған қаулыға қосымшада:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Басқармасының құрамына мыналар енгізілсін:

Жандосов О.Ә. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы;

Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мұлік пен активтерді басқару департаментінің директоры

аталған банк Басқармасының құрамынан:

Б.В.Соболев, М.М.Гейдаров, С.А.Аханов, А.Б.Насенов, С.Н.Сансызбаев және С.Ш.Сейсенбаев шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкін акционерлендіру жөніндегі ұйымдастыру шараларын жүргізу кезеңінде Қазақстан Эксимбанкі Басқармасына Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан әлеуетті инвесторлармен келіссөздер жүргізу уәкілеттігі берілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК